

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т. II, Ч 1 - Б.69-70

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯ МӘСЕЛЕСІ

Қаржаубаева Г.

Кез келген мемлекеттің демографиясы оның экономикасы мен саясатының елдің ішіндегі және одан тысқары жерлердегі жұмысына және дамуына тікелей әсер етеді.

Оңтүстік Қазақстан облысы республикамыздың оңтүстігінде және халқы ең тығыз орналасқан аймақтарының бірі. Халқының тығыздығы жағынан алғанда, 1 шаршы шақырымға 22 адамнан келеді. Облыс егемендік алған сәттен бастап қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі болып табылады. Мысалы, тәуелсіздіктің 25 жылы ішінде Оңтүстік Қазақстан халқының саны 1,8 млн-нан 2,8 млн-ға өсті. Оңтүстік Қазақстан облысында қазір 2 миллион 800 мыңнан астам халық тұрады.

Облыстың тарихына тоқтала кететін болсақ, оның негізі 1932 жылдың 10 наурызында қаланған. 1962 жылдың 3 мамырынан 1992 жылдың 6 шілдесіне дейін Шымкент облысы деп аталған. 1992 жылы облыстың бұрынғы – Оңтүстік Қазақстан атауы қайтарылды. 2018 жылдан бастап – Түркістан облысы деп аталады. Қазіргі кезде облыс орталығы –Түркістан қаласы. Облыс құрамында 11 әкімшілік аудан, 4 қалалық әкімдік, 7 қала (Шымкенттен басқа), 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауыл бар. Облыстың көлемі 117,3 мың км² ол республика аумағының 4,3 %-ын құрайды. Солтүстігі мен оңтүстігінің арасындағы тікелей телімдердің қашықтығы 600 километрді құрайды. Табиғаты жайлы, шаруашылығы озық, адамдары ақжарқын болған соң ба, шетелден ата қонысқа көшіп келіп жатқан оралман ағайындарымыз да осы өңірге көбірек қоныстанып жатыр. Тәуелсіздік алғаннан бері аймаққа оралған оралмандардың саны 600 мың адамға жетіп қалыпты.

2011 жылғы санақ бойынша Оңтүстік Қазақстан облысында тұратын халықтың саны республика халқының жалпы санының 15%-ын құрады. Республика бойынша бала туу жөніндегі ең жоғарғы көрсеткішке (1000 адамға 22,6 сәбиден келеді) және халық санының табиғи өсуінің ең жоғары шамасына (32,5 мың адамнан астам) жетті. Облыс халқының басым бөлігін қазақтар (69%) құрайды, одан басқа өзбек (17,1%), орыс (7,2%), татар (1,2%), әзербайжан, тәжік, түрік, т.б. ұлт өкілдері тұрады. Мақтаарал, Шардара, Сайрам, Сарыағаш ауданында тұрғындар жиі қоныстанған.

Облыс тұрғындарының 47%-ы қалада, 53%-ы ауылда тұрады.

Оңтүстік Қазақстан облысының ұлттық құрамын талдамас бұрын Республика халқы жайында төмендегі мәліметтерді қарастырайық: 2013-ші жылдың ақпан айында Қазақстан халқы 16 млн 940 мың адамға жетті. Соның ішінде қазақтар 11 млн 035 мың адам. 2012-ші жылдың желтоқсан айының орта шеніне таман Қазақстандағы 11 млн.-ыншы қазақ (сәби) дүниеге келген болатын. Сол сәттен бастап қазақтар 12-ші млн.ға қарай қадам басты.

Болжамдық есептеулерге сүйенсек, Қазақстан халқы 2013 жылдың шілде-қыркүйек айларында 17 млн-ға жетті. Соның ішінде Қазақстандағы жеті ірі этнос: қазақтар – 65,3; орыстар – 21,7; өзбектер – 4,3; украиндар – 1,7; ұйғырлар 1,6; немістер 1 пайызын құрайды. Қалған жүзден асқан халықтардың әрқайсысының саны 1 пайызға жетпейді.

Әдебиеттер тізімі

1.Rezuanova G. K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova.
Management of students philologists professional competence formation//
International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI:
10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

Ғылыми жетекшісі: Резуанова Ғ.Қ., ф.ғ.к., доцент